



Білім беру үйымдарына қашықтықтан оқытууды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін үйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 сәуірде № 10768 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 06.10.2022 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5 бабының 25) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бүйрүққа 1-қосымшаға сәйкес Білім беру үйымдарына қашықтықтан оқытууды ұсыну бойынша қойылатын талаптар;

2) Қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары жөнінде онлайн-оқыту нысанында оқу процесін үйымдастыру қағидалары.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 03.11.2021 № 547 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 06.10.2022 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүқтарымен.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, халықаралық ынтымақтастық департаменті (Ж.Қ. Шаймарданов):

1) осы бүйрүқтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бүйрүқты ресми жариялауды қамтамасыз етсін;

3) осы бүйрүқты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрүқтың орындалуын бақылау білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

A. Сәрінжіпов

Қазақстан Республика

Білім және ғылым министрі

2015 жылғы 20 наурызы

№ 137 бүйрығына 1-кос

Білім беру ұйымдарына қашықтан оқытуды ұсыну бойынша қойылатын талаптар

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 03.11.2021 № 547 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1-тaraу. Қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар

1. Қашықтан оқытуды ұсыну үшін бастауыш, негізгі, жалпы орта және қосымша білімнің оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына мынадай талаптар белгіленеді:

1) оқу қызметін ұйымдастыру үшін Интернет желісіне қосылуды қамтамасыз ететін телекоммуникациялық арналардың болуы;

2) ақпараттық ресурстарға, цифрлық ресурстарға жедел қол жеткізу құралдарының болуы;

3) білім алушылар үшін оқу-әдістемелік, ұйымдық-әкімшілік ақпаратты, бейнесабақтарды қамтитын ақпараттық жүйенің болуы;

4) "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бүйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20317 болып тіркелген) сәйкес электрондық журналдар мен күнделіктер жүйесіне қосылу;

5) білім беру ұйымдарының педагогтерінде ақпараттық технологиялар бойынша курсарынан өткендігі туралы сертификаттардың болуы;

6) оқу процесін цифрлық білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарында пайдаланылатын бағдарламалық-аппараттық кешенге және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын ұсынылған ең аз талаптардың сақталуы.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қашықтан оқытуды ұсыну үшін мынадай талаптар белгіленеді:

1) қашықтан оқытуды үздіксіз ұйымдастыру үшін ақпараттық-технологиялық инфрақұрылымның болуы: тұрақты желілік қосылыс, серверлік жабдық,

деректерді сақтау жүйесі және киберқауіпсіздік жүйелері, Интернет желісіне қосылуды қамтамасыз ететін коммуникациялық байланыс арналары, білім алушылар жеке басын идентификациялау үшін аутентификация жүйелері, онлайн прокторингі және көшірулерді анықтау жүйесінің жұмыс жасауы;

2) веб-сайты, ақпараттық-білім беру порталын, кредиттік оқыту технологиясын қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін, ақпараттық-білім беру ресурстарының жиынтығын қамтитын білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің, оның ішінде оқытуды басқару платформасының жұмыс істеуі;

3) ISO/IEC 27001, ISO/IEC 27002 халықаралық стандарттарына сәйкес әзірленген Білім беру ұйымының қауіпсіздік саясаты негізінде жүйелердің ақпараттық қауіпсіздігін және деректерді қорғауды қамтамасыз ету;

4) оқу үрдісін цифрлық білім беру ресурстарымен, онлайн-курстардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету (курстың құрылымдалған дизайны, оқытудың қалыптастырылатын нәтижелерінің картасы, бағалау жүйесінің ерекшелігі, бағалау көрсеткіштері мен өлшемшарттарының сипаттамасы);

5) білім алушылардың оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдарды орналастыра отырып, білім беру порталы мен ақпараттық жүйелерге, сондай-ақ тестілеу жүйесі мен ашық электрондық ресурстарға, көздерге қол жеткізуін қамтамасыз ету;

6) білім беру қызметтерін ұсыну бойынша цифрлық сервистердің болуын қамтамасыз ету: оқу сабактары мен білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың барлық түрлерінің электрондық кестесі, электрондық кітапхана, электрондық құжат айналымы, жатақханадан орын алуға онлайн-тіркелу;

7) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін қашықтан оқыту жағдайларын қамтамасыз ету;

8) сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесіне сәйкес білім беру қызметтерінің сапасын бақылау жүйесінің болуы.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 20 наурыздағы
№ 137 бүйрекінде 2-косымша

Қашықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары жөнінде онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 06.10.2022 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 25) тармақшасына сәйкес әзірленді және қашықтан оқытуды ұйымдастыру қағидалары бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді, білім алушыларға арналған қосымша білім беруді ұсыну тәртібін және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары жөнінде онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын айқындайды.

2. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған жағдайларда қашықтан оқыту облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары бүйректерінде барлық білім алушылар үшін ұйымдастырылады.

3. Аяу районының қолайсыз метеожағдайларына байланысты қашықтан оқыту "Қолайсыз аяу ретінде метеожағдайларында білім беру ұйымдарында, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында сабактарды тоқтату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 42 бүйректері (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13076 болып тіркелген) сәйкес облыстың, респубикалық маңызы бар қаландардың, астанандардың білім беруді басқару органының бүйректері негізінде ұйымдастырылады.

4. Білім беру ұйымдары қашықтан оқытуды:

1) денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар білім алушыларға;

2) қатысу кезеңіне арналған халықаралық, респубикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шыгармашылық конкурстар мен фестивальдарға қатысушыларға;

3) ата-аналардың немесе басқа да занды өкілдерінің өтініші бойынша белгілі бір кезеңге арналған педагогикалық кеңес пен қамқоршылық кеңестің шешімімен орта білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға;

4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі – ТжКОБ) білім алушыларға мамандықтардың белгілі тізбесі бойынша осы Қағидаларда белгіленгеннен аспайтын көлемде;

5) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) білім алушыларға кадрларды даярлау

бағыттары белгілі тізбесі бойынша осы Қағидаларда белгіленгеннен аспайтын көлемде ұсынады.

5. Қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастырудың осы қағидаларында және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) асинхронды оқыту форматы – белгілі бір орын мен уақытқа байланысты емес білім беру процесіне қатысушылардың, оның ішінде ақпараттық жүйелердің және басқа байланыс құралдарының көмегімен өзара іс-қимылын болжайтын қашықтан оқыту немесе онлайн оқыту;

2) қашықтан оқыту – педагог пен білім алушылардың қашықтықтағы өзара әрекеттесуі кезінде, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту;

3) ақпараттық жүйе – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

4) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу әдістерінің және аппараттық-бағдарламалық кешен мен телекоммуникациялар желілерін қолдана отырып жүзеге асырылатын ақпараттық өзара іс-қимыл әдістерінің жиынтығы;

5) жаппай ашық онлайн-курс (бұдан әрі – ЖАОК) – электронды оқыту технологиялары қолданылатын, жаппай интерактивті қатысуға және Интернет арқылы ашық қол жеткізуге болатын оқыту курсы;

6) білім беру порталы – ақпараттық-телекоммуникациялық желінің көмегімен білім беру процесіне қатысушылардың білім беру сипатындағы ақпараттық ресурстар мен көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуіне арналған ақпараттық жүйе;

7) онлайн-курс – нақты уақыт режимінде, оның ішінде ЖЖОКБҰ-да алдын ала жазылған дәрістерді пайдалана отырып, Интернет арқылы білім, дағдылар мен құзыреттіліктерді алуға мүмкіндік беретін, ЖЖОКБҰ бекітетін оқу бағдарламасы;

8) онлайн-оқыту – білім алушы кеңістік және уақыт арақашықтығына қарамастан, педагог пен білім алушы арасында өзара іс-қимыл жасау арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және Интернет арқылы жоғары

және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімді алатын кадрлар даярлаудың нақты бағыттары бойынша оқыту нысаны;

9) онлайн прокторинг – жеке тұлғаны верификациялау және онлайн-емтихандардан өту нәтижелерін растау жүйесі, ол жазбаның сақталуын, жеке адамды тану мен сәйкестендіруді, шу деңгейін анықтай отырып, бас пен дененің қозғалысын талдауды, мультифейсті тануды, бөлмені 360 градус режимінде жазуға сұрау салуды, күдікті оқиғаларды логациялауды қамтамасыз етеді;

10) синхронды оқыту форматы-білім алушылар ақпарат алатын, онымен өз бетінше немесе топтарда жұмыс істей алатын, оны басқалармен талқылай алатын ақпараттық жүйелердің (бұдан әрі – АЖ) және басқа да байланыс құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім беру процесіне қатысушылардың нақты уақытта тікелей байланысын (стриминг) көздейтін қашықтықтан оқыту немесе онлайн-оқыту қатысушылар мен оқытушылар кез келген жерден барлығы үшін бірыңғай уақыт кезеңінде;

11) оқытууды басқару жүйесі (LMS) (Элэмэс)-білім беру процесіне қатысушылардың өзара іс-қимылды үшін қашықтықтан оқытууды және онлайн-оқытууды қамтамасыз ететін оқу материалдары мен құралдары кешенін қамтитын оқу курстарын әкімшілендіруге арналған платформа;

12) білім алушының цифрлық ізі-бұл LMS (Элэмэс) (оқытууды басқару жүйесі) және (немесе) өзге де платформаларда немесе ақпараттық жүйеде тіркелген Білім беру қызметінің нәтижелері туралы верификацияланған деректер жиынтығы;

13) цифрлық білім беру ресурстары (бұдан әрі – СБР) –интерактивтік нысанда оқытууды қамтамасыз ететін, оқытылатын пәндер және (немесе) модульдер бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалдық болмыс және интерактивтік модельдеу объектілері, дыбыс жазбалары және өзге де цифрлық Оқу материалдары;

2-тарау. Қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібі

6. Қашықтан оқыту білім беру процесіне қатысушылардың орналасқан жеріне қарамастан қашықта, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып өзара іс-қимылды кезінде жүзеге асырылады.

7. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің, сондай-ақ қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы қашықтан оқытууды ұйымдастыру үшін тиісті жағдайларды қамтамасыз етеді.

8. Осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген жағдайларда қашықтан оқытуға толық ауысқан кезде бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымы білім алушылардың ақпараттық жүйесіне (білім беру порталына) және электрондық сабак кестесіне, электрондық журналға, электрондық ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

9. Халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға, фестивальдарға қатысушыларды қашықтан оқытуға ауыстыру білім алушының, білім алушының ата-анасының немесе басқа да занды өкілінің білім беру үйымы басшысының атына еркін нысанда жазылған өтініші және қатысу мерзімдерін көрсетумен білім алушының халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға, фестивальдарға қатысқанын растайтын, қатысу кезеңіне мерзімдерді көрсете отырып уәкілетті мемлекеттік органның бұйрығы (хаты) негізінде жүзеге асырылады.

Халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындары, спорттық жарыстар, зияткерлік және шығармашылық конкурстар, фестивальдар аяқталғаннан кейін орта білім беру үйымының білім алушысы бөлімге/толассыз тақырыпқа жиынтық бағалауды (бұдан әрі – БЖБ) және тоқсанға жиынтық бағалауды (бұдан әрі – ТЖБ) тапсырады, өткізу мерзімдері сәйкес келмеген кезде БЖБ, ТЖБ "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) жеке кесте бойынша тапсырады.

10. Халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға, фестивальдерге қатысатын ТжКОБ, ЖЖОКБҰ үйымдарының білім алушыларға арналған оқу сабактары оқытуудың асинхронды және/немесе синхронды оқыту форматы арқылы үйымдастырылады.

Прокторинг жүйесін қамтамасыз ететін ТжКОБ және ЖЖОКБҰ үйымдары үшін қашықтықтан оқытууды қолдана отырып қорытынды аттестаттау тапсыру көзделеді.

11. Денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар білім алушыны қашықтан оқыту "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бүйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген нысанға сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде жүзеге асырылады. Қашықтан оқыту кезеңі мен мерзімі дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысының медициналық көрсеткіштері негізінде айқындалады.

12. Денсаулық мүмкіндіктерінің уақытша шектеулері бар және ТжКОБ, ЖЖОКБҰ үйымдарына тұрақты түрде баруға мүмкіндігі жоқ тұлғаларға арналған оқу сабактары оқытудың асинхронды және/немесе синхронды оқыту форматы және оқу материалдарын өз бетінше игеру арқылы білім беру үйымының шешімі бойынша үйымдастырылады.

13. Білім алушы үшін орта білім беру үйымдарында қашықтан оқыту оның ата-анасының немесе өзге де занды өкілінің өтініші негізінде үлгерім көрсеткіштері, баланың пікірін, мектеп психологының қорытындысын, білім алушылардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлары актісін ескере отырып, қашықтан оқыту үшін жағдайлардың болуы негізінде педагогикалық кеңестің және қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша жүзеге асырылады:

1) қашықтан оқыту кезінде орта білім беру үйымы білім алушыға оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды, оқулықтарды, БЖБ және ТЖБ, ағымдағы, аралық және мемлекеттік қорытынды атtestаттауды өткізу кестелерін ұсынады;

2) білім алушының оқу сабактарын ата-аналары немесе өзге де занды өкілдері дербес үйымдастырады, сондай-ақ қосымша білім беру (секциялар, спорт, шығармашылық, білім беру үйірмелері және басқалар) арқылы оқыту процесін және оны әлеуметтендіруге жағдай жасайды;

3) қашықтан оқыту кезінде білім алушы тиісті білім беру деңгейінің оқу бағдарламаларын менгереді, орта білім беру үйымында ағымдағы (БЖБ, ТЖБ), аралық және қорытынды атtestаттаудан уақтылы өтеді. Бұл ретте білім алушы БЖБ-ны дәстүрлі және (немесе) қашықтық форматта өтуіне болады;

4) ағымдағы, аралық және қорытынды атtestаттауды білім алушылар бекітілген орта білім беру үйымына орналасқан жері бойынша тапсырады. Ағымдағы, аралық және қорытынды атtestаттау нәтижелері бойынша

педагогикалық кеңес білім алушыны қашықтан оқытууды ұзарту немесе оны дәстүрлі оқыту форматына ауыстыру туралы тиісті шешім қабылдайды;

5) оқу процесінде білім алушы нашар менгерген тақырыптар бойынша пән мұғалімдеріне, қажет болған жағдайда мектеп психологіне, медицина қызметкеріне, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі инспекторға, орта білім беру ұйымының әлеуметтік педагогына жүгінуге құқылы;

6) білім алушы білім беру ұйымының спорттық, мектептік және мектептен тыс іс-шараларына қатысуға құқылы;

7) білім алушы бекітілген орта білім беру ұйымы оған спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалануды қамтамасыз етеді.

14. Оқыту нысандарына қарамастан қашықтан оқытуға жол берілетін пәндер және (немесе) модульдер бойынша тізбесін ТжКОБ, ЖЖОКБҰ ұйымы дербес айқындауды және басшының бүйрүғымен бекітіледі.

15. Білім беру бағдарламасын менгеру процесінде білім алушының пәнді және (немесе) модульді сақтауын, оқу процесіне қатысу деңгейін, сабакқа қатысуын мониторингтеу оның цифрлық ізін қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

16. Қашықтан оқыту кезінде орта білім беру, ТжКОБ ұйымдары "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бүйрүғына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20317 болып тіркелген) сәйкес білім беру процесінің нәтижелерін және ішкі құжат айналымын есепке алуды жүргізеді және сақтауды жүзеге асырады.

17. ТжКОБ ұйымдарында оқытуудың күндізгі нысаны кезінде "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бүйрүғына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17564 болып тіркелген) сәйкес мамандықтар және біліктіліктер бойынша өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға көзделген академиялық сағаттарды/кредиттерді қоспағанда, жұмыс оқу жоспарына сәйкес оқытуудың барлық кезеңі үшін академиялық сағаттардың/кредиттердің жалпы көлемінен жиырма пайыздан аспайтын көлемінде қашықтан оқытуға жол беріледі.

18. ТжКОБ ұйымдарында оқытудың сырттай немесе кешкі нысаны кезінде, сонымен қатар экстернат нысанында оқыту кезінде "Мәдениет және өнер, дene шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша сырттай және кешкі оқу, сондай-ақ экстернат нысандарында білім алуға жол берілетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 ақпандағы № 40 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6111 болып тіркелген) сәйкес мамандықтар және біліктіліктер бойынша өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға көзделген академиялық сағаттарды/кредиттерді қоспағанда, жұмыс оқу жоспарына сәйкес оқытудың барлық кезеңі үшін академиялық сағаттардың/кредиттердің жалпы көлемінен жиырма пайыздан аспайтын көлемінде қашықтан оқытуға жол беріледі.

19. Бұл ретте осы Қағидалардың 17, 18-тармағында көрсетілген шектеулер осы Қағидалардың 4-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген білім алушыларға қолданылмайды.

20. ЖЖОКБҰ-да педагогикалық ғылымдар, құқық, хореография, аспаптық орындау, авиациялық техника мен технологиялар, құрылыш, теңіз техникасы мен технологиялары, денсаулық сақтау, әскери іс, ветеринария саласындағы кадрларды даярлау үшін оқытудың барлық кезеңінде пәндердің жалпы санынан жиырма пайыздан аспайтын көлемінде қашықтан оқытуға аудио-видео көзделеді.

ЖЖОКБҰ-да кадрларды даярлаудың басқа бағыттары бойынша кадрларды даярлау үшін оқытудың барлық кезеңінде пәндердің жалпы санынан елу пайыздан аспайтын көлемінде қашықтықтан оқытуға аудио-видео көзделеді.

Қашықтан оқытуды қолдана отырып пәндерді оқу кезінде әрбір пәннің жалпы көлемінің жиырма пайыздан аспайтын көлемінде қашықтан оқытуға аудио-видео көзделеді, бұл ретте синхронды сабактардың арақатынасы ЖАОК қолдану арқылы игеру көзделген пәндерді қоспағанда.

21. ЖЖОКБҰ осы Қағидалардың 4-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген білім алушыларды "Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген) қағидаларда айқындалған тәртіппен жеке оқу жоспарын және білім беру бағдарламасын менгерудің жеке кестесін қамтамасыз етеді.

22. ЖЖОКБҰ консультациялық қолдау көрсетуді және білім беру бағдарламасын менгеру процесінде білім алушының пәнді сақтауына, сабакқа

қатысусына, логирленуіне, материалдарды зерделеу барысына және тапсырмалардың уақтылы орындалуына қатаң мониторинг жүргізуді, оның цифрлық ізі арқылы бағалауға бақылау жасауды қамтамасыз етеді.

23. ЖЖОКБҰ қашықтықтан оқытуудың онлайн-курстарының құрылымы мен мазмұнын дербес анықтайды.

24. Қашықтықтан оқыту кезінде қолданыстағы білім беру бағдарламасына сәйкес оқу пәндері мен оқу жұмысының түрлерінің еңбек сыйымдылығы сақталады.

25. Шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында қашықтықтан оқытуға көшу кезінде онлайн форматта жүзеге асырылуы мүмкін емес кәсіптік практика, зерттеу және эксперименттік жұмыс, зертханалық және студиялық сабактар келесі академиялық кезеңдерге ауыстырылады.

26. Білім беру саласындағы академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша қашықтықтан оқытууды қолдана отырып оқытууды ұйымдастыру және оған рұқсат беру тәртібін ЖЖОКБҰ дербес айқындайды.

Білім алушыларды академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша дайындау үшін оқудың барлық кезеңіне академиялық кредиттердің жалпы көлемінде жиырма пайызынан аспайтын қашықтықтан оқыту форматына көшіруге рұқсат етіледі.

Білім алушыларды қос дипломдық бағдарламалар және білім алушыларды алмасу бағдарламалары бойынша дайындау үшін оқудың барлық кезеңіне академиялық кредиттердің жалпы көлеміненің елу пайызынан аспайтын қашықтықтан оқыту форматына көшіруге рұқсат етіледі.

27. Халықтың ауруларының алдын алу мен емдеуді, санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды қамтитын әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде білім алушыларға академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша және екі дипломды және (немесе) бірлескен бағдарламаларды іске асыру кезінде академиялық кредиттердің көбірек көлемін қашықтықтан оқытууды қолдана отырып зерделеуге жол беріледі.

28. Білім алушылар ересектерге бейресми білім беру арқылы ЖЖОКБҰ-мен келісім бойынша білім беру бағдарламасының жекелеген пәндерін, оның ішінде ЖАОК-ны меңгереді, олардың оқыту нәтижелері ЖЖОКБҰ-мен белгіленген тәртіппен дербес танылады, барлық оқу кезеңінде академиялық кредиттердің жалпы көлемінің жиырма пайызынан аспайды.

3-тарау. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидалары

29. Білім алушыларды онлайн-оқытуға қабылдауды ЖЖОКБҰ "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бүйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырады. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17650 болып тіркелген) (бұдан әрі - қабылдаудың үлгілік қағидалары) бекітілсін.

30. "Экстернат және онлайн-оқыту нысанында оқытуға жол берілмейтін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 қазандағы № 530 бүйрығымен бекітілген кадрларды даярлау бағыттарының тізбесі бойынша Онлайн-оқытуға жол берілмейді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17513 болып тіркелген).

31. ЖЖОКБҰ онлайн-оқытууды жүзеге асырады және "Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бүйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген) Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес білім алушыларды жеке оқу жоспарымен қамтамасыз етеді, және білім беру бағдарламасын менгерудің жеке кестесі бекітеді.

32. Онлайн оқытууды ұйымдастыру ЖЖОКБҰ-да бекітілген академиялық саясатқа, академиялық адалдық саясатына, студенттің ар-намыс кодексіне, этика, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу қағидаларына, ішкі сапа стандарттарына және өзге де ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес көздейді.

33. Онлайн-оқыту кадрларды даярлаудың тиісті бағыты үшін білім беру бағдарламаларының негізіне енгізілген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28916 болып тіркелген) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік

жалпыға міндettі стандарттарына сәйкес ЖЖОКБҰ-да дербес әзірленеді) негізінде оқу жоспарлары (оқу жұмыс жоспарлары) әзірленетін оқу нәтижелерін көрсетеді., Жеке оқу жоспарлары) және пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламалары (силлабустар).

34. Онлайн оқытудың жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламалары (силлабустар) оқытудың асинхронды және синхронды форматының арақатынасын көрсетеді, бұл ретте синхронды сабактардың арақатынасы ЖАОК қолдану арқылы игеру көзделген пәндерді қоспағанда, әрбір пәннің жалпы көлемінің кемінде 20% - ын құрайды.

35. ЖЖОКБҰ білім алушыны техникалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды және дербес деректерді өндеуге келісімді және онлайн-платформаның пайдаланушылық келісімінің шарттарын қабылдауды көздейтін білім алушымен шарт жасасады ЖЖОКБҰ саясатына сәйкес ресімделеді.

36. Онлайн-оқыту ЖЖОКБҰ білім беру порталы арқылы жүзеге асырылады, оған келесілер кіреді:

1) оқытуды басқару жүйесін, оның ішінде курс элементтерінің кіріктірілген құрылымын: оқыту нәтижелерін және оқыту нәтижелеріне қол жеткізуі тексеруге бағытталған бақылау тапсырмаларын, лекцияларды, практикалық, зертханалық тапсырмаларды, курсты бағалау саясатын, аудио, бейне-контентті, электрондық құжаттарды, суреттерді, медиасервистерге гиперсілтемелерді, электрондық кітапхананы міндettі түрде көрсете отырып, силлабустарды; Қоршағанортаминің платформасы, білім беру процесіне қатысушылармен кері байланыс, топтық сабактарды ұйымдастыру, оқытушы-білім алушының өзара іс-қимылы үшін қолжетімді корпоративтік арналар, білім алушы-білім алушы, оқытушы-оқытушы, әкімшілік-білім алушы;

2) білім алушылар туралы деректерді басқару жүйесі: жеке есеп жазбасына қол жеткізу, білім алушылардың үлгерімін, оқу процесін ашықтығын, қатысуын қамтитын оқу процесін басқару, онлайн курстарға немесе бейнеконференцбайланыс жүйесіндегі сабакқа сілтемелері бар асинхрондық және/немесе синхронды оқыту форматын ескере отырып, оқу сабактарының электрондық кестесі, оқу пәндеріне онлайн-тіркеу;

3) зерттеулерді басқару жүйесі: зерттеу жобаларының, жарияланымдардың, ғылыми әзірлемелердің, ғалымдардың базасы және зерттеу нәтижелері.

37. ЖЖОКБҰ онлайн - оқыту деректерін ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне өзектілендірілген беруді қамтамасыз етеді.

38. ЖЖОКБҰ Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан серверлерде білім алушылардың персоналды деректерін орналастыруды қамтамасыз етеді, оларды отандық провайдерлер және/немесе ЖЖОКБҰ IT - мамандары әкімшілендіреді, қызмет көрсетеді және қолдайды.

39. ЖЖОКБҰ қамтамасыз етеді:

1) білім алушыларды ЖЖОКБҰ-ның ғылыми-зерттеу қызметіне және әлеуметтік-мәдени өміріне тарту;

2) академиялық кезең басталғанға дейін кемінде 5 жұмыс күні бұрын ЖЖОКБҰ-ның білім беру порталында және ЖЖОКБҰ-ның дайындық актісімен жұмыс оқу жоспарларына сәйкес цифрлық контентті орналастыру;

3) келесі талаптарға жауап беретін сандық контенттің сапасы: толықтығы, әртүрлілігі, педагогикалық дизайнның болуы, мультимедиа. ЖЖОКБҰ Онлайн-курсы онлайн-курсты әзірлеу, орналастыру және/немесе пайдалану жөніндегі бекітілген ішкі нормативтік құжатқа сәйкес әзірленеді немесе пайдаланылады;

4) ЖЖОКБҰ-ның ресми платформасында ЖАОК және (немесе)халықаралық білім беру платформаларында жазылуды (Coursera (Курсера), EdX (Эдикс), FutureLearn (Фьючелен), Udacity (Юдасити) қолдана отырып, білім беру бағдарламасы кредиттерінің жалпы көлемінің кемінде 10% - ын игеру;

5) онлайн оқытууды ұйымдастыру бойынша басқа ЖЖОКБҰ-мен өзара іс-кимыл.

40. Онлайн-оқыту нысанында оқытуға жалпы көлемі кемінде 72 сағат болатын соңғы 3 жылда IT-құзыреті, онлайн-оқыту әдістемесі мен технологиясы саласында біліктілікті арттыру курсарынан өткен профессор-оқытушылар құрамы жіберіледі.

41. Кәсіптік практиканы, зерттеу және эксперименттік жұмыстарды, ғылыми тағылымдамаларды практика базаларында, ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардағы немесе қызмет аясындағы ұйымдарда күндізгі оқыту нысанда жүргізіледі. Бұл ретте, білім беру бағдарламасының ерекшелігіне байланысты онлайн нысанда өткізуге жол беріледі.

42. Білім алушылардың сабакқа қатысуы мен үлгерімінің мониторингі білім алушылар контингенті, курсар, контент бірліктері, нақты курсарға не оның контенттіне жүгіну статистикасы, платформаға кіру логтары, курсардағы белсенділік серпіні, бағаларды бөлу, қатысу статистикасы бойынша талдамалық есептерді қалыптастыру жолымен ЖЖОКБҰ жүзеге асырылады.

43. Білім беру процесінің тиімділігін бақылау және талдау білім алушы мен оқытушының сандық ізін бақылау арқылы ЖЖОКБҰ жүзеге асырылады.

44. Онлайн оқыту кезінде Академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, жазбаша жұмыстардың барлық түрлерін қарыз алу тұрғысынан міндетті түрде тексеру жүзеге асырылады.

45. Аralық және қорытынды атtestatтауды өткізу нысанын ЖЖОКБҰ дербес айқындаиды. Аralық және қорытынды аttestatтауды онлайн нысанында өткізу кезінде онлайн прокторинг қолданылады.

46. ЖЖОКБҰ "Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазанды № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес (бұдан әрі - ЖЖОКБҰ қызметінің үлгілік қағидалары) білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларды аралық және қорытынды атtestatтау жүргізеді. бекітілсін.

47. ЖЖОКБҰ білім беру порталы арқылы әкімшілік-басқару, оқытушылық, оқу-көмекші және қызмет көрсету персоналының білім алушылармен, топ кураторларымен/эдвайзерлерімен, ағындармен кездесулер, кураторлық сағаттарды өткізу, білім беру процесі мәселелері бойынша студенттік клубтар отырыстарын өткізу регламентін әзірлейді және жариялады.

48. ЖЖОКБҰ білім алушылар арасында онлайн-оқытуға тартылған білім беру порталы, білім беру бағдарламалары және (немесе) пәндер/модульдер, цифрлық контент және профессор-оқытушылар құрамы сапасының сәйкестігі тұрғысынан сауалнама және (немесе) сауалнама жүргізеді.

49. Онлайн-оқыту және күндізгі оқыту нысандары бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау ЖЖОКБҰ қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Білім алушыларды оқытуудың бір нысанынан екіншісіне ауыстыру каникул кезеңінде және ақылы негізде жүзеге асырылады.

50. Онлайн-оқуға түсетін тұлғаларды және білім алушыларды қабылдау сәтінен бастап ЖЖОКБҰ-ны бітіргенге дейін консультациялық сүйемелдеу үшін мыналарды қамтамасыз етеді:

1) өз функционалы шеңберінде онлайн оқытуда қажетті құзыреттері бар әкімшілік-басқарушылық, оқытушылық, оқу-көмекші және қызмет көрсету персоналының болуы;

2) қолжетімді корпоративтік байланыс арналарының болуы;

3) ЖЖОКБҰ-ның ресми сайтында жарияланған онлайн оқытууды үйымдастыру жөніндегі Нұсқаулық материалдармен;

4) ЖЖОКБҰ цифрлық ресурстарының, сондай-ақ оқыту процесінің тұсаукасерімен білім алушылар үшін бейімдеу апталарын ұйымдастыру.

51. Онлайн-оқуға түсетін тұлғаларды және білім алушыларды қабылдау сәтінен бастап ЖЖОКБҰ-ны бітіргенге дейін техникалық сүйемелдеу үшін мыналарды қамтамасыз етеді:

1) цифрлық инфрақұрылым мен цифрлық платформалардың, онлайн оқытуға тартылған мобиЛЬДІ қосымшалардың қолжетімділігі және үздіксіз жұмыс істеуі;

2) бөлінген үй-жайы бар лицензиялық бағдарламалық қамтылымы бар онлайн-курстардың, электрондық ресурстардың студиялық өндірісін қамтамасыз ететін бағдарламалық-аппараттық кешенниң жұмыс істеуі болып табылады;

3) онлайн оқытуға тартылған цифрлық инфрақұрылым мен цифрлық платформалардың ақпараттық қауіпсіздігі.

52. Онлайн-оқуға түсетін тұлғаларды және білім алушыларды қабылдау сәтінен бастап ЖЖОКБҰ-ны бітіргенге дейін әдістемелік сүйемелдеу үшін қамтамасыз етеді:

1) заманауи цифрлық білім беру технологияларын қолдану, оның ішінде аралас оқыту, микро және бейімделген оқыту, виртуалды/толықтырылған шынайылық, геймификация, "маңызды ойындар", Big Data (Биг Дата).

2) онлайн оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік материалдарды әзірлеу;

3) онлайн оқыту пәндері бойынша оқу-әдістемелік материалдарды ЖЖОКБҰ-ның цифрлық платформаларында әзірлеу және орналастыру.